



**МАССАЖДЫ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ  
ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН  
ТАЛАПТАР**


**Орындаған: Қырғызбаева А.**

Қазіргі таңда массаж жеке дара емдеу әдісі ретінде танымал. Массаждың мақсаты ауруға шалдыққан немесе жарақатқа ұшыраған организм ағзаларының қызметін қалпына келтіру, науқасты оңалту болып табылады.



# Массаж бөлмесінде емдік процесті ұйымдастыру

Массаж жасаудың тиімділігі бірқатар жағдайларға байланысты, соның ішінде массаж жасайтын бөлменің техникалық жабдықталуы, бөлменің жалпы жағдайы, массаж жасаушы адамның дайындығы, науқас организмнің функциялық жағдайы мен сырқатының ауырлығы, сонымен қатар емшараның ұзақтығы.



# Массаж бөлмесінің жабдыкталуы:




• Массаж жасау үшін көлемі 8-10 м<sup>2</sup>, жақсы жарықталған, жылы, ауасы жаңарып отыратын жеке бөлмені жабдықтайды.

Бөлменің температурасы + 20 градустан төмен түспеуін, бөлменің іші құрғақ болуын қадағалайды. Көршілес массаж бөлмелері өткелдермен жалғасады. Егер бір бөлмеде бірнеше массаж жасаушы жұмыс істесе, онда әрбірінің жұмыс орыны оқшауланады. Осы мақсатта ұзындығы 2,2 м<sup>2</sup>, 3,4 м<sup>2</sup> кабиналар жабдықталады.



Жабдықталуы: Осы  
кабинада массаж жасайтын  
үстелді массаж жасаушы  
жан жағынан келе  
алатындай етіп  
орналастырады.  
Кабинадағы ағаш үстелдің  
көлемі: биіктігі 70-80 см, ені  
50-65см, ұзындығы  
180-190см.


Үстел үсті дермантинмен  
қапталған, үстелде маңдай  
тіреуге арналған  
жастықшасы бар ,



Диаметрі 20 см, ұзындығы 50-60 см болатын аяқты қоюға арналған білікше жастықшалар (валик) қажет. Олар аяқты орта физиологиялық жағдайда орналастырғанда қолданылады. Мысалы, науқас етпетінен жатса білікшені сирақ табан буыны астына, ал шалқасынан жатқан науқастың тізесінің астына орналастырады.



Массаж кезінде үстелді ақ жаймамен науқас денесін жабады.



Сонымен қатар бөлмеге  
бұрандалы орындықтар,  
аяққа арналған орындықтар,  
ақ жайма, халат , орамал,  
массажға арналған  
құралдарды сақтауға  
арналған шкаф қойылады.







Дәрі дәрмектер салынған қобдишаның болуы қажет онда мақта мата , йодтың спиртті ерітіндісі, бриллиантты жасыл ерітінді, лейкопластрь, камфора валерианды тамшылар, майлар, себетін ұнтақтар, термометр, тальк, балалар жақпасы сақталады.



Сонымен қатар  
массаж бөлмесінде  
суық, ыстық сумен  
жабдықталған  
қолжуғыш, сабын,  
дезинфекция  
жасайтын ерітінділер  
мен қолды өңдеуге  
арналған құралдар,  
ішетін суға арналған  
ыдыс, ширма болады.